БЕКІТЕМІН
«Балдәурен» бөбекжай балабақша
меңгерушісі:.....Г.Жанибекова
«.....»«.....» 2021 жыл

«Біз қандай ата-анамыз?»



Балабақша психологі: Р.Ходжакулова

«Біз қандай ата – анамыз?» сауалнамасы

Ата – ананың есімі:.....

Балаңыздың есімі:.....

Тобы:.....

Сауалнама	Ия – 2 ұпай	Кейде – 1 ұпай	Жоқ – 0 ұпай
1.Балалар тәрбиесі туралы газет – журнал беттерінде жарияланған мақалаларды немесе радио, теледидар хабарларын жүйелі оқып, тыңдап отырсыз ба?			
2.Балаңыз бір оғаш нәрсе істеді делік, сіз мұндай жағдайдан өз тәрбиеңіздің нәтижесі екендігі жөнінде ойланып көрдіңіз бе?			
3. Балалар тәрбиесінде қасыңыздағы қосағыңыздың пікірімен үнемі ақылдасып отырасыз ба?			
4.Егер балаңыз сізге жәрдем берсе, сол кезде оның өз жұмысы бұдан кедергіге ұшырап немесе мүлде тоқтап қалса да қабылдар ма едіңіз ?			
5. Бұйыру немесе тыйым салу сияқты шараларды сіз тек қажет кезінде ғана қолданасыз ба?			
6. Жүйелілік, реттілік – педагогикалық маңызды принциптердің бірі деп санайсыз ба?			
7. Спорт пен дене шынықтыру баланың жан – жақты, үйлесімді дамуына маңызы зор екенін ескеріп отырасыз ба?			
8. Сіз баладан бір нәрсені орындау жөнінде талап тұрғысынан емес,өтініп сұрап көрдіңіз бе?			
9. «Менің уақытым жоқ», немесе «Тоқтай тұр, әуелі жұмысымды бітіріп алайын» - деген тәрізді сұлтаулармен балаңыздан «Құтылуға тырысу» сізге ыңғайсыздық туғызбай ба?			

Жауап бергеніңізге рахмет!

Жауабы:

6 ұпайдан төмен болса:

Бала тәрбиесі туралы түсінігіңіз жеткіліксіз екендігін дәлелдейді. Ештен кеш жақсы деген сөз. Сіз бұл мақалаға көп иек етіп отыра бермей, тәрбие жөнінде өз біліміңізді жетілдіре түсуге асығыңыз.

7-14 ұпай аралығында жинасаңыз:

Сіз бала тәрбиесінде әрине үлкен қателік жасап жүрген жоқсыз. Осы бағыттағы іс – әрекетіңіз жөнінде тереңірек ойланып көріңіз. Демалысыңыздың бір күнін балаға арнауды әдетке айналдырыңыз. Сонда балаңызбен қарым –қатынасыңыз жақсартады.

15 ұпайдан жоғары жинасаңыз:

Сіз өзіңіздің ата – аналық міндетіңізді орынды аткарып келесіз. Бала тәрбиелеуде сіз басқа да ата – аналармен, өз тәжірибеңізбен бөлісіп ақыл – кеңес бере аласыз.